

түрлі мінез- құлқын, қасиеттерін, дүниедегі түрлі құбылыстарды қарама-қарсы қоя отырып салыстыруда таптырмайтын көркемдік әдіс болып табылады. Контексте берілу ыңғайына қарай, антоним фразеологизмдер бір сөйлем ішінде кездесуі сияқты т.б. формаларда қолданылады. Сондай-ақ, жеке тұрғанда антонимдік жұп құрмайтын фразеологизмдердің контексте антоним ретінде жұмсалуды да кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жумабекова А.К. Оппозитивный анализ антонимических единиц казахского и русского языка: филог. ғыл.док. диссертациялық жұмысы. – Алматы, 1995. – 161 б
2. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.
4. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы, 1994. – 320 б.
5. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1972. – 111 б.
6. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1984. – 176 б.

Абдуова Айгуль Бегимбаевна

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

«№1 арнайы мектеп-интернат» Қарағанды қ.

aigul1472@mail.ru

КӨРУ ҚАБІЛЕТІНІҢ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білім алу процессіне визуалды функциялардың жағдайы қатты әсер етеді, осыған сәйкес көру қабілеті мынадай деңгейлерге бөлінеді: тотальді соқырлық, орташа көру бұзылысы бар балалар және көру қабілетінің жеңіл бұзылысы бар балалар.

Бұл балалар мектепке барған кезде психофизикалық дамудың әртүрлі деңгейімен және оқу үшін қажетті компенсаторлық процестердің даму деңгейімен ерекшеленеді. Соқырлық білім алушылардың физикалық дамуын едәуір қиындатады, бұл: әртүрлі қозғалыстарды игерудің қарқынының баяулатады, қозғалыстардың үйлесу бұзылуын әкеледі, жалпы және ұсақ моториканың даму деңгейінің төмендеуіне және кеңістіктегі қозғалыстың қиындықтарына әкеледі. Сонымен қатар көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларда қарым-қатынастың тілдік және тілдік емес құралдарын меңгеруде, яғни, коммуникативті қызметті жүзеге асырудағы қиындықтар жиі кездеседі [1, 15].

Көру кемшілігі неғұрлым ерте пайда болған сайын, психика қалыптасуындағы бұзылыстар соғұрлым көбірек көрінеді. Көрудің төмендеуі бірінші кезекте қабылдау процесіне әсерін тигізеді. Нашар көретін балалардың қабылдауы тежелумен, бейненің тарлығымен, нақтылықтың төмендеуімен ерекшеленеді. Қалыпты көретін балаға қарағанда олардың көру арқылы елестетуі анық емес. Сол себепті нашар көретін балаларға кеңістікте бағдарлану қиынға соғады. Мұндай балалар көру арқылы жұмыс істегенде тез жалығады, ал бұл өз кезегінде көрудің одан әрі нашарлауына алып келеді

Көру қабілетінің бұзылысы бар балаларда сөйлеу дамуының өзіндік ерекшелігі байқалады, сөйлеудің заттық-пәндік мазмұнмен әлсіз байланысы көрінеді, жалпы танымдық белсенділіктің төмендеуі байқалады. Сонымен қатар, нашар көретін балаларда орындалатын іс-әрекеттердің сапасына, дағдыларды автоматтандыруға, орындалатын іс-әрекеттерге визуалды бақылауды жүзеге асыруға байланысты қиындықтар байқалады.

Көру қабілеті бұзылғандардың елестетуі тұрақсыздықпен, анық еместілікпен ерекшеленеді. Нашар көрушілік баланың психикалық және физикалық дамуына әсер етеді: белгілі бір деңгейде есте сақтау процесі тежелген, ойлау операциялары қиындатылған.

Мұндай балалардың физикалық дамуының артта қалушылық себебі, шектелген қимыл-қозғалыстың әсері болуы мүмкін.

Көру қабілетінің бұзылысы бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері:

- танымдық іс-әрекеттерді дамыту;
- білім беру процесінде логикалық тәсілдерін жүйелі және мақсатты дамыту;
- көрнекі-бейнелі қабылдау процессін дамыту үшін, ақпараттық құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- оқу жұмысының қарқынын ескере отырып, практикалық жұмыстарды орындауға уақытты ұлғайту;

- түзету-дамытушы тифлопедагогикалық сүйемелдеуді енгізу;
- бұзылған функцияларды компенсациялау құралы ретінде сөйлеуді белсенді қолдану;
- білім беру процесінде визуалды өнімділікті сақтау және арттыру;
- психофизикалық тонусты сақтау және т. б.

Көру қабілетінің бұзылысы бар балаларға білім беру процесінде мұғалім келесі талаптарды сақтауы қажет:

- оқушылардың көзілдірік киюін қадағалау;
- бірінші партаға (үстелге) отырғызу,
- көрнекі жұмыс режимін сақтау (10-15 минут оқу немесе жазу, үзіліс жасау);
- қызметтерді алмастырып отыру, көзге арналған гимнастика жасау;
- көрнекілікті оңтайлы пайдалану;
- ата-аналармен, медицина қызметкерімен тығыз байланысты жүзеге асыру [2, 31].

Бұл балаларға білім беруді ұйымдастырудың спецификалық шарты - оқу процесінде көрнекілікті қолдану. Көру қабілетінің бұзылыстары бар балаларды оқытудың көрнекі әдістеріне ерекше назар аударылады. Бұл әдістер қабылдау әдістері мен тәсілдерін дамыту, байқауды дамыту арқылы сенсорлық тәжірибені байытуға ықпал етеді, есте сақтау процесстерін қалыптастырады. Көрнекі оқыту әдістеріне айналадағы заттар мен құбылыстарды бақылау, материалды көрнекілік құралдарын қабылдау кіреді (табиғи заттар, макеттер, муляждар, модельдер және т. б. п.). Көру бұзылыстары бар балаларға білім беруде көрнекілікті қолдануды нақты шарттар сақталуы қажет:

1. Көрсетілген көрнекілік әрбір білім алушы оны көре алатындай етіп орналастырылуы тиіс (жақсы жарықтандырылған жерде, көз деңгейінде, қарама-қарсы орналасуы, олардың көзбен қабылдауы үшін жеткілікті қашықтықта);

2. Көрнекілікті балалар көріп қабылдауы үшін оларға қалыпты көретіндерге қарағанда екі есе көп уақыт берілуі;

3. Кейбір білім алушыларға көрсетілген көрнекілікке жақындауға, мұқият қарауға, қолымен сипап сезуге мүмкіндік беру;

4. Кейбір жағдайларда (мысалы, көп сериялы сюжеттік суреттермен немесе күрделі заттармен танысу кезінде) білім алушы оны алдын ала қарауы үшін сабақ басталғанға дейін кабинетте көрнекілік тұруы;

5. Рельефті көрнекілікті пайдалану оны нақты заттармен байланыстырумен қатар жүргізілуі;

6. Жаңа заттармен танысу кезінде мұғалім олардың сипаттамалық белгілерімен, қасиеттерімен, функциясына назар аударып, визуалды-тактильді қабылдаудың жоспарлылығын қалыптастыруы;

8. Білім беру процесі түзету бағытына ие болуы қажет [3, 8].

Білім беру процессін ұйымдастыру барасында мұғалім келесі мәселелерге баса назар аударуы қажет:

- Қимылдар мен мимикаға сүйенбестен мәлімдемелердің, сипаттамалардың, нұсқаулардың дәлдігіне ерекше назар аудару керек.

- Балалар сипап сезу арқылы немесе есту арқылы қабылдайды, сондықтан, қолданылатын материал рельефті, сипап сезуге мүмкіндік беруі, мысалы сабақтың маңызды бөліктерін диктофонға жазуға болады.

- Көрнекі және үлестірмелі материал үлкен, түсі, контуры, силуэті бойынша айқын көрінуі керек. Демонстрациялық материалдарды бір сызыққа орналастыруна назар аударған жөн.

- Кейбір балаларға үлкейту құралдары қажет болуы мүмкін: оқу кезінде пайдалы бүкіл бетті немесе суреттерді үлкейтетін құрылғылар қолданылуы және қосымшаларды пайдалану (Office Web Apps Microsoft) көру қабілеті нашар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

- Сыныпта фронтальды жұмысты ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет. және балалардың барлығын қамтып, барлығы жұмысқа қатыса алатындай жеке карточкалар, мәтіндер, көрнекі құралдар дайындау қажет.

Көру қабілеті бұзылған көптеген балаларда басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қиынға соғады. Бұл басқа балаларды тыңдай алмаумен, сондай-ақ аз коммуникативтік процесстің кешеуілдеуіне әкеледі. Сондықтан диалогтық сөйлеу тілін дамыту басты орында болуы жөн. Кейбір жағдайларда педагог-психологтың көмегіне жүгінуге болады [4, 24].

Көру жүйесінің бұзылу деңгейіне, оның белгілеріне, пайда болу уақытына, компенсация мүмкіндігіне байланысты көру қабілеті бұзылған балаларға арнайы оқыту мен тәрбие жүйесі құрылған. Нашар көретін балаларды оқыту жағдайы әлсіз көру қабілетін сақтай алатын, оның көру арқылы қабылдауын жақсартатын, ауыртпалық түсірмейтін жағдайда болуы керек. Көру кемістігінің компенсациясы ретінде оқытудың тифлотехникалық және аудиовизуальды құралдарды кең қолданады. Оптикалық түзету құралдарынан басқа да аудиовизуальды құралдар және аппараттар, есте сақтау құрылғылары бар электронды-оптикалық жүйелер қолданылады. Нашар көретін балалар арнайы мектеп-интернатта, нашар көруге арналған арнайы сыныптарда оқиды.

Қорыта келгенде, көру қабілетінің бұзылуы танымдық қабілеттің дамуына спецификалық өзгерістер әкеледі. Алайда көруі бұзылған баланың тәрбиесі мен оқуын дұрыс ұйымдастыру барысында тұлғаның оң қасиеттерін қалыптастыра отырып, қарым-қатынас пен оқуды мотивациялауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бельмер В.А. Особенности преподавания для слабовидящих детей / /Дефектология. –1999. – №2. – С.40-45.

2. Борозинец Н.М., Евмененко Е.В., Полчанинова О.Н. Психолого-педагогическое сопровождение ребёнка с ограниченными возможностями здоровья в условиях дошкольного образования: Учебное пособие. – Ставрополь: Изд-во СГПИ, 2009. – 108 с.

3. Денискина, В. З. Коррекционная направленность уроков математики в начальных классах школ для детей с нарушением зрения: метод. рекомендации / В.З. Денискина ; Акад. повышения квалификации и переподгот. работников образования. Каф. коррекц. педагогики и спец. психологии и др. – М.: АПК и ПРО, 2002. – 30 с.

4. Слабовидящий ребенок в начальной школе [Текст] : реф. пер. / Рос. гос. б-ка для слепых ; [сост.-пер. Г. С. Елфимова]. – М.: РГБС, 2010. – 31 с.